

Көлік инфрақұрылымы объектілеріне әкелуге тыйым салынатын заттар мен құралдардың

ТІЗБЕСІ

Көлік инфрақұрылымы объектілеріне мынадай заттар мен құралдарды әкелуге тыйым салынады:

1. Жарғыш және өлімге әкеп соқтыратын өзге де құрылғылар, жарылғыш заттар және құрамында жарылғыш заттар бар құралдар, оның ішінде:

саны мен орамасына қарамастан, оқ-дәрілердің барлық түрлері; гранаттар, миналар және снарядтардың барлық түрлері; аңшы капсюльдері (пистондары) және тұтандырғыш капсюльдер; динамит, тол, аммонал, тротил және басқа да жарылғыш заттар; капсюльдер, тұтандырғыштар, электр тұтандырғыштары, тұтандыратын электр тұтандырғыштар және от өткізгіш баулар;

2. Радиоактивті заттар.

3. Есірткі құралдары.

4. Тез тұтанғыш сұйықтықтар мен заттар:

бензин; мұнай өнімдерінің сынамалары; метанол; метилдік эфир; күкірт көміртек; эфирлер және өзге тез тұтанатын сұйықтықтар.

5. Тұтанғыш қатты заттар - су тиюі әсерінен өздігінен тұтануы және өртенуі мүмкін жылу және жанғыш газдар шығаратын заттар:

калий, натрий, металл кальций және олардың құймасы; ақ, сары, қызыл фосфор, тұтанатын қатты заттар санатына жататын өзге де заттар; органикалық тотықтар; коллоидті нитроцеллюлоза.

6. Улы, қатты әсер ететін және уландыратын сұйық немесе қатты күйдегі, ыдысқа оралған заттар:

бруцин; стрихнин; тетрагидрофурфурилді спирт; этиленгликоль; сынап; синильді қышқылдың барлық тұздары және цианды препараттар; циклон; цианқұймасы; мышьяк ангидридi және қатты әсер ететін өзге де улы және уландыратын заттар.

7. Жұқпалы немесе биологиялық қауіпті материалдар, құрамында осылар бар заттар мен құралдар.

8. Улы және тоттанатын заттар: бейорганикалық қышқылдар, соның ішінде тұз, күкірт, азот және өзге де қышқылдар; фторлы-сутекті (плавикті) қышқыл және өзге де күшті қышқылдар және тоттанатын заттар.

9. Атыс (қол жауынгерлік атыс, азаматтық және қызметтік) қаруының барлық түрлері, әрекеті электр энергиясын, радиоактивті сәулеленуді және биологиялық факторларды пайдалануға негізделген қару; лақтыратын, электрлік, механикалық қару, оның ішінде ойық ұңғылы, тегіс ұңғылы, аралас, ұңғысыз травматикалық, газды, травматикалық оқ-дәрімен атылатын газды, пневматикалық сигнал беру және жаттығу қаруы, атыс қаруының бөлшектері (телескоптық көздеу құрылғылары мен көздеуішті қоспағанда).

10. Түйрегіш және кесетін қару, соғу-бытырату әрекеті бар заттар және ұшталған бұйымдар, қылыштар, үлкен пышақтар, наркескендер, палаштар, семсерлер, мачетелер, сапылар, найзалар, қанжарлар, кездіктер, стилеттер, кастеттер, кистендер, өзге де жүзі бар қарулар, балталар, жебе және жебе түріндегі зақымдайтын элементтер, оның ішінде лақтыратын жұлдызшалар, темір ілгектер, гарпундар, мұз шапқыштар, оның ішінде кез келген материалдан жасалған, әлеуетті қару ретінде пайдалануға арналған барынша берік заттар.

11. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда және тәртіппен атыс және газ қаруының оқ-дәрілері, соның ішінде

соғыс, жарық-дыбыс, травматикалық әрекет ететін, бос патрондар, жарақталған аң аулау патрондары.

Ескертпе:

1. Көлік инфрақұрылымы объектілеріне әкелуге тыйым салынатын заттар мен құралдардың тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 шілдедегі № 817 қаулысымен бекітілген
2. *9, 10 және 11-тармақтарда тізбеленген заттар мен құралдарды әкелу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген осы заттар мен нәрселерді сақтау мен алып жүруге тиісті рұқсаты болған жағдайларда жол беріледі.*